

# Қазақстан Республикасындағы инфляция

Жариялау күні: 02.02.2026

Келесі жариялау күні: 02.03.2026

## [1. Негізгі сәттер](#)

## [2. Инфляция динамикасы](#)

## [3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

## [4. Глоссарий](#)

## [5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

## [6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

## [7. Пайдалы сілтемелер](#)

## 1. Негізгі сәттер

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2026 жылғы қаңтар айында 12,2% (2025 жылғы желтоқсанда – 12,3%), бір айда – 1% құрады (өткен айда – 0,9%).

Баға азық-түлік тауарларға бір жылда – 12,9% (2025 жылғы желтоқсанда – 13,5%), ақылы қызметтерге – 12% (2025 жылғы желтоқсанда – 12%), азық-түлік емес тауарларға 11,7% (2025 жылғы желтоқсанда – 11,1%) өсті.

### Өңірлердегі жылдық инфляция

|                               | кезеңнің соңына, пайызбен, өсім |      |      |
|-------------------------------|---------------------------------|------|------|
|                               | 2026                            | 2025 | 2024 |
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 12,2                            | 8,9  | 9,5  |
| Абай                          | 11,5                            | 9,0  | 9,6  |
| Ақмола                        | 13,5                            | 9,5  | 9,8  |
| Ақтөбе                        | 12,2                            | 9,3  | 8,6  |
| Алматы                        | 12,5                            | 6,6  | 8,5  |
| Атырау                        | 12,0                            | 9,2  | 10,1 |
| Батыс Қазақстан               | 11,5                            | 9,7  | 8,9  |
| Жамбыл                        | 11,5                            | 7,6  | 9,1  |
| Жетісу                        | 12,4                            | 8,4  | 9,9  |
| Қарағанды                     | 12,7                            | 9,9  | 11,3 |
| Қостанай                      | 11,5                            | 8,1  | 8,9  |
| Қызылорда                     | 11,6                            | 9,0  | 8,1  |
| Маңғыстау                     | 12,1                            | 9,2  | 10,6 |
| Павлодар                      | 13,5                            | 8,1  | 8,9  |
| Солтүстік Қазақстан           | 14,3                            | 9,6  | 9,5  |
| Түркістан                     | 12,8                            | 7,5  | 9,7  |
| Ұлытау                        | 13,5                            | 8,5  | 10,0 |
| Шығыс Қазақстан               | 12,0                            | 9,2  | 10,1 |
| Астана қаласы                 | 11,9                            | 11,2 | 8,8  |
| Алматы қаласы                 | 11,8                            | 9,3  | 9,9  |
| Шымкент қаласы                | 12,0                            | 7,4  | 9,0  |

Динамикалық кестелер:

[1. 2000-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)


[2. 1993-2025 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

## 2. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлесті азық-түлік және алкогольсіз сусындар (5,4 пайыздық тармақ), көлік (1,1 пайыздық тармақ), жеке күтім, әлеуметтік қорғау және басқа да тауарлар мен қызметтер (1 пайыздық тармақ) қосты.

**Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі**

пайызбен, өсім



### 2026 жылғы қаңтар айындағы Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

| в процентах, прирост   |             |                    |
|--|-------------|--------------------|
| Тауарлар мен қызметтер   | Өсу қарқыны | Баға өсіміне салым |
| <b>Азық-түлік тауарлар</b>   | 12,9        | 5,498              |
| Жармалар   | 8,2         | 0,009              |
| Нан және нан өнімдері  | 8,5         | 0,271              |
| Ет және құс  | 23,0        | 2,092              |
| Шұжық, ет өнімдері   | 19,0        | 0,674              |
| Ішетін сүт   | 10,9        | 0,137              |
| Ірімшік және сүзбе   | 12,4        | 0,228              |
| Қышқыл сүт өнімдері  | 11,5        | 0,163              |
| Жұмыртқа   | 3,6         | 0,044              |
| Май және тоң май   | 12,7        | 0,294              |
| Жемістер, жидектер мен жаңғақтар   | 9,8         | 0,308              |
| Көкөністер   | -2,7        | -0,075             |
| Қант   | 7,9         | 0,050              |
| Алкогольсіз сусындар   | 16,8        | 0,308              |
| <b>Азық-түлік емес тауарлар</b>  | 11,7        | 3,268              |
| Киім   | 10,3        | 0,629              |
| Аяқ киім   | 11,6        | 0,374              |
| Жуғыш заттар   | 8,2         | 0,113              |
| Бензин   | 16,8        | 0,576              |
| Жеке қолдану тауарлар  | 11,3        | 0,332              |
| <b>Ақылы қызметтер</b>   | 12,0        | 3,470              |
| Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері | 9,9         | 0,814              |
| тұрғын үйді күтіп ұстау және қызмет көрсету                                  | 8,6         | 0,045              |
| тұрғын үйді жалға алу  | 12,3        | 0,207              |
| Тұрғын үй-жайларға қызмет көрсету, жөндеу және кәуіпсіздікті қамтамасыз ету  | 8,1         | 0,181              |
| суық су  | -12,9       | -0,068             |
| ыстық су   | 3,1         | 0,008              |
| қоқыс шығару   | 9,0         | 0,026              |
| суды бұру  | 18,7        | 0,034              |
| электрэнергия  | 6,9         | 0,102              |
| газ  | 16,2        | 0,153              |
| тарату желілері арқылы тасымалданатын газ                                    | 14,6        | 0,111              |
| сұйытылған   | 24,7        | 0,042              |
| орталықтан жылыту  | 3,9         | 0,026              |
| қатты отын   | 7,5         | 0,059              |
| Лифт үшін төлем  | 11,4        | 0,019              |
| домофон  | 11,5        | 0,020              |

Бір айда ақылы қызметтер бағасының деңгейі – 1,1%, азық-түлік емес тауарлар – 1,2%, азық-түлік тауарлар 0,8% өсті.

### Бір айдағы инфляция

|      | Қаңтар                 |                     |                          |                 | пайызбен, өсім |
|------|------------------------|---------------------|--------------------------|-----------------|----------------|
|      | тауарлар мен қызметтер | азық-түлік тауарлар | азық-түлік емес тауарлар | ақылы қызметтер |                |
| 2022 | 0,7                    | 1,0                 | 0,3                      | 0,6             |                |
| 2023 | 1,1                    | 1,4                 | 0,9                      | 0,7             |                |
| 2024 | 0,8                    | 1,1                 | 0,5                      | 0,7             |                |
| 2025 | 1,1                    | 1,4                 | 0,6                      | 1,1             |                |
| 2026 | 1,0                    | 0,8                 | 1,2                      | 1,1             |                |

Динамикалық кесте:

[2000-2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын](#)

### 3. Глоссарий

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

### 4. Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;
- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады. Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 537 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

### 5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)

[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)

[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)

### 6. Пайдалы сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексін құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)

["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері"Ц-101 нысаны](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) / Экономика/ Баға статистикасы

---

|   |  |   |   |
|---|--|---|---|
| <b>Шығаруға жауапты:</b><br>Баға статистикасы<br>департаменті | <b>Орындаушы:</b><br>С. Құсайын<br>Тел. +7 7172 749531 | <b>Департамент директоры:</b><br>Т. Демешева<br>Тел. +7 7172 749776 | <b>Мекен-жай:</b><br>010000, Астана қаласы<br>Мәңгілік ел даңғылы, 8<br>Министрліктер үйі, 4<br>кіреберіс |
|---|--|---|---|

---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы